

## Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2010 жылғы 19 наурыздағы N 26/172-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 27 сәуірде N 14-13-70 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы мәлихатының 2012 жылғы 29 наурыздағы № 3/20-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы мәслихатының 2012.03.29 № 3/20-V шешімімен.**

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>С.Мамбетқұлов</i>	
<i>Аудандық мәслихаттың хатшысы</i>	<i>Ә.Шыңғысбаев</i>	
Төлеби	аудандық	мәслихатының
2010	жылғы	19
№	26 / 172 - IV	наурыздағы
№ 1 қосымша		шешіміне

### **Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі**

Осы аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне сәйкес әзірленді және аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу тәртібін белгілейді.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіпте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: шекті жол берілетін шығыстар үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының бір айда кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы;

отбасының жиынтық табысы - тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы алған кірістердің жалпы с о м а с ы ;

кондоминиум объектісін басқару органы - кондоминиум объектісін күтіп ұстау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

уәкілетті орган - жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға):

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға;

тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді т ұ т ы н у ғ а ;

байланыс саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге беріледі.

Аз қамтамасыз етілген отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының

ұлғаюы бөлігінде кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

3. Шығындардың рұқсат етілген шекті деңгейі отбасы табысының 20 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

4. Отбасының жиынтық табысын тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган есептейді.

5. Тұрғын үй көмегі қызметтерді жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша көрсетіледі.

## **2. Тұрғын үй көмегін алу құқығы**

6. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы отбасы жиынтық табысының 20 пайызы үлесінен жоғары болған жағдайда тағайындалады.

7. Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын үйі (пәтер) бар немесе тұрғын жайды жалға беруші (қосымша жалға беруші), сондай-ақ жалдауға беруші тұлғалар тұрғын үй көмегін алу құқығын жоғалтады.

8. Бірінші, екінші топтағы мүгедектердің, мүгедек балалардың, сексен жастан асқан адамдардың, үш жасқа дейінгі баланың күтімімен айналысатын тұлғаларды қоспағанда, еңбекке жарамды отбасындағы тұлғалар жұмыс істемейтін, күндізгі оқу бөлімінде оқымайтын, армияда қызметін өткермейтін және жұмыспен қамту органында тіркелмеген кезеңге тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

9. Ұсынылған жұмыстан немесе жұмысқа орналастырудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, қоғамдық жұмыстарға қатысуды, оқуын өз бетімен тоқтатқан жұмыссыздардың отбасы тұрғын үй көмегін алу құқығын жоғалтады.

## **3. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі**

10. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат (отбасы) уәкілетті органға өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынады:  
өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;  
тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;

азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;  
отбасының табысын растайтын құжаттар;  
кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған нысаналы  
жарнаның мөлшері туралы шот;

жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген,  
пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың)  
жалпы жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі  
жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасы негізінде  
кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын және мөрмен, кондоминиум  
объектісін басқару органы басшының қолымен расталған кондоминиум  
объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай  
сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;  
коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттары;

телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс  
қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;  
тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау  
ақысының мөлшері туралы шот.

11. Тұрғын үй көмегін алуға құқық тоқсан сайын отбасының табысы туралы  
мәліметтерді бере отырып расталады.

12. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері  
ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге  
қ а й т а р ы л а д ы .

13. Уәкілетті орган көшірмелерді түпнұсқалармен салыстырып тексереді,  
оларды тіркейді және құжаттарды қабылдағаны туралы растаманы өтініш  
б е р у ш і г е б е р е д і .

14. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін  
абоненттік төлемақының, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының  
ұлғаюы бөлігінде кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге  
және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға,  
коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде  
ақы төлеу бойынша алдыңғы тоқсандағы шығындарды өтеу үшін бюджетте  
бөлінген қаражат шегінде ақшалай төлем түрінде беріледі.

15. Тұрғын үй көмегін өтініш берілген айдан бастап тұрғын үй көмегін алуға  
құқығы туындағаннан кейін ағымдағы тоқсанға тағайындалады.

16. Уәкілетті орган өтініш берушіден құжаттарды қабылдап алған күннен  
бастап он жұмыс күн ішінде тұрғын үй көмегін тағайындау (тағайындаудан бас  
т а р т у ) ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

Тағайындаудан бас тартқан жағдайда, уәкілетті орган бас тарту себебін  
көрсете отырып, өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

17. Тұрғын үй көмегін алушылар 15 күн мерзімде уәкілетті органды тұрғын үй көмегін мөлшерінің өзгеруі үшін негіз болатын немесе оны алу құқығына әсер ететін мән-жайлар туралы хабардар етуге тиіс.

Тұрғын үй көмегінің мөлшеріне немесе оны алу құқығына әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, қайта есептеу олар анықталған кезінен бастап немесе келесі тоқсанда жүргізіледі.

Артық төленген сомалар ерікті тәртіппен, ал бас тартқан жағдайда сот тәртібімен қайтарылады.

#### **4. Тұрғын үй көмегін төлеу**

18. Тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган жергілікті бюджетте бөлінген қаражат шегінде екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.